

**Мектепке дейінгі мекеме мен сол мекемеде тәрбиеленуші баланың ата-анасымен
келісім-шарт (қосымша 2) № 4**

Жосалы кенті

14 03 2024 жыл

«Қызылорда облысының білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «Bal-Aiym» бөбекжай - бақшасы» меңгерушісі: Ә Ергашова бір жағынан, және бөбекжай - бақшада тәрбиеленуші

ата-анасы Күденбай Бақдәулет
Ермекбаева Индира екінші жағынан төмендегіше шарт жасасты:

1.Бөбекжай - бақша міндеттері:

- 1.1.Баланы құжаттарына сәйкес топқа қабылдауға;
- 1.2.Бала өмірін сақтауға, денсаулығын нығайтуға;
 - оның интеллектуалды және жеке дамуына,
 - творчестволық икемділігі мен қызығушылығын дамытуға,
 - әр баланың даму ерекшелігіне қарай жеке көңіл бөлуге,
- 1.3.Балаға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ҚР Мемлекеттік стандарты бойынша тәрбие беруге,
- 1.4.Балаға қосымша білім беретін қызметтер ұсынуға (би, сурет салу, ән айту, т.б.)
- 1.5.Баланың қалыпты өсуі мен дамуына қажетті 3 мезгіл тамақпен қамтамасыз етуге;
- 1.6.Баланың бөбекжай – бақшада болу уақытының кестесін құруға;
- 1.7.Баланың сырқаттанып қалуына немесе ата- анасының еңбек демалысы кезінде арызына, анықтамасына сәйкес 30 күнге дейін орнын сақтауға;
- 1.8. Осы келісім-шартты сақтауға міндетті.

2.Ата-ананың міндеттері:

- 2.1.Бөбекжай-бақша жарғысын, келісім-шартты сақтауға;
- 2.2.Ай сайын, әр айдың 5-жұлдызына дейін сол ай үшін 7000 теңге жарнапұл төлеуге;
- 2.3.Баланы тәрбиешіге жеке әкеліп тапсыруға және жеке алып кетуге;
- 2.4.Баланы бөбекжай - бақшаға таза киім, таза аяқ киіммен таза етіп әкелуге;
- 2.5.Баланың бөбекжай - бақшаға келмейтіні туралы алдын-ала тәрбиешіге хабарлауға;
- 2.6.Бала тәрбиесіне қатысты барлық мәселелерді тәрбиешімен бірлесіп шешуге;
- 2.7.Қажетті жағдайда бөбекжай - бақшаға екі жақты келісім бойынша көмек көрсетуге, (топ безендіруге, түрлі сайыстар өткізу, т.б.) міндетті.

3.Бөбекжай -бақша құқықтары:

- 3.1.Дәрігердің анықтамасына сәйкес, бала денсаулығы бөбекжай - бақшада болуға кедергі келтіретіндей болса, баланы бөбекжай - бақшадан шығаруға;
- 3.2.Ата-анаға (өтініші бойынша) жарнапұл төлеу уақытын созуға;
- 3.3.Баланың отбасындағы тәрбиесіне өз ұсыныстарын кіргізуге;
- 3.4.Осы келісім-шарттың ата-ана тарапынан орындалмаған міндеттері болса, ата-ананы ескертіп тұруға құқылы.

4.Ата-ананың құқықтары:

- 4.1 Бөбекжай-бақша жұмыстарының жақсаруы мен көркеюіне өз ұсыныстарын қосуға;
- 4.2. Бөбекжай-бақша шарттарына сәйкес, баламен жұмыс істеуіне тәрбиеші-педагогты таңдауға;
- 4.3.Баланы бөбекжай-бақшаға үйретуге, қалыптастыру кезінде баламен бірге болуға;
- 4.4.Ата-ана жарнапұлын төлеу мерзіміне қосымша уақыт сұрауға;
- 4.5. Бөбекжай-бақша жарғысы мен осы келісім-шарттың шарттарының орындалуын талап етуге;
- 4.6. Бөбекжай-бақша меңгерушісі мен тәрбиешісінің топтағы балалармен жүргізген жұмыстары жайлы есебін тыңдауға;
- 4.7.Осы келісім-шартты бөбекжай-бақшаға алдын-ала хабардар ете отырып бұзуға құқылы.
5. Келісім-шарт бала осы бөбекжай-бақшаға келген күннен бастап күшіне енеді, екі жақтың келісімдеріне сәйкес ұзартуға, өзгертуге, толықтыруға болады.
- 6.Толықтырулар мен өзгертулер келісім-шартқа қосымша ретінде енгізіледі.
- 7.Екі жақты келісім-шарттағы міндеттемелердің орындалмауын тараптар жауапкершілігіне алады.
- 8.Келісім-шарттың мерзімі – 1 жыл.
- 9.Келісім-шарт екі дана жасалады, біреуі бөбекжай - бақшадағы баланың жеке құжатының ішінде, екіншісі ата-анала сақталады.

Қол қоюшылар:

«Bal-Aiym» бөбекжай-бақшасы жеке мекемесі
Жосалы кенті, Рүстембеков №63 үй
меңгерушісі:

Ә. Ергашова

Ата-ана:

Ермекбаева Индира

Жұмыс орны: медеа кәсіпкер
Телефоны: 8 705 177 42 27

«14» 03 2024 ж